

ӘОЖ 396.1/2 (574)

## ХХ ФАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ БЕЙНЕСІ

Х.А.Аширбаева *P*  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Әйел ана отбасының шуагы, қоғамдағы әлеуметтік өмірде де өз үлестерін қосып келеді. Әйел ана болмысы рухани құндылықтарымен ерекшеленіп әр кезеңде өз белестерін көрсетуде. Әйел аналардың қоғамдағы орны мәдениетте түрлі қозқаастарымен, сипаттарымен анықталып келеді. Қоғамдық өмірге қазак әйелдері өз дербестігі мен еркіндігін атап өтеді.

Генетикалық – текстік негізде де әйелдер мәдениеттің бір бөлігі болып табылады.

Гендерлік – бастама – жыныстық негізде қалыптасқан мәдени ерек-әйел бастауларын бинарлық қатынаста қарастыру дәстүрі. Әлемде қалыптасқан бірінші мәдени ажыратушылық гендерлік бастамадан басталады. Ксенофонт мұны былай түсіндіреді: “Құдай ең басынан жыныстарды бөліп жаратты: әйелді бала табу мен үй шаруашылығына, еркекті – сыртқы жұмыстарға”. Гендерлік бастама табиғи күбылыстарға да таратылған: қытайлық инь және ян бастамалары, көптеген нағымдағы айды, суды, жерді әйелдік, ал құнді, отт, жылуды еркекті бастаулар деп есептеу. Еркектік факторлар белсенді, еркін ырықты деп саналса –енжар, қабылдау көрініше, белсенділік әйелдік бастамаларға тән. Жаратушы уақыт құдай – анасы. Кама бәрінің түпкі себебі болып табылады. Қазіргі мәдениетте гендерлік мәселе феминистік қозғалыстарға қатысты қойылып отыр. Жаңа феминизм осыған дейін үстемдік еткен “патриархалдық” мәдениетті Құдай логостық еркектік билігін тұтасқан адамзат билігімен және ана – материяның құндылықтарымен алмастыру керек дейді.

Жалпы алғанда гендерлік бастама қазіргі мәдени өмірдің өзекті мәселесіне айналып отыр. Гендер қазіргі кезде ерлер мен әйелдердің арасындағы үқастық пен айырмашылықтарды, олардың әлеуметтік рольдерін талдаған кезде қолданылатын термин жүйесіне айналды.

Қазақ мәдениеті әйел – аналарымыздың ақыл – парасатынан, саналы тәлімінен сусындал келеді. Бұл күнде өрісіміздің кенейіп, көсегіміздің көгеріп, өркениетті елдермен иық тіркестіруіміз; сан жылдар бодан ел бола тұра, ұлт мәдениетінің сақталынып қалуы - абзal аналардың арқасы.

Баяғы замандағы аныздар мен эпостық жырларда, сондай – ак жыраулар поэзиясында әйел – ана тақырыбы шығарманың негізгі өзегі болды. ХХ ғасыр басында қазақ әйелдерінің бейнесі аз зерттелінді. Осыған орай ХХ ғасыр басында ақын – жазушылардың танымал еңбектеріндегі әйел, ана бейнесін қарастырайык.

ХХ ғасырдың басы алмағайып шақ еді. Бай мен кедей арасындағы теңсіздік, таптық тартыс, жаппай сауат ашу, ұжымдастыру саясаты қазақ әйелдері мен қыз – келіншектерінің қоғамдық бет – пішінін бүрекмеледі. Оң өзгерістер мен онтайлы шешімдердің бел ортасындағы әйел – аналар, қыз – келіншектер жүрді. Өмірдің қатал кезеңі жаратылысы нәзік жандарды мойытпады. Олар отбасының ғана емес, ел мен жүргіттың да сүйеніш бола білді.

Мәселен, ұлы жазушымыз Мұхтар сомдаған Фазиза бейнесі ХХ ғасыр басындағы бүкіл қазақ әйелдерінің қорғансыздығын паш еткен жок па??

Адалдық, пәктік туралы асқақ ұғымдарды каршадай баланың өн бойынан табу да көп жәйтті аңғартқандай. Әнгіме барысында бұғанасы қатпаған бейқүнә бойжеткен ар тазалығын, жан тазалығын ту етіп, аяққа тапталған намысы жолында шейіт болғаны жанға батпауы мүмкін емес. Әрі өкінішті, әрі түрпайы. Арам ойлы Ақан мен Қалтай сияқты азаматтар арамызда әлі күнге шейін бар. Сондыктан да гүлдей жайқалған арудың ғұмыры Фазизадай ерте солып сүркай өмірден бас кешті.

Ұлы төңкеріске дейінгі қазақ әйелдерінің маҳаббаты да аянышты еді. Адам ғұмырының маҳаббатқа байланысты мәнді бақыттан қазақ әйелдері жүрдай еді. Қазақ қыздары еріксіз, өздері сүйемен жанмен отаусуға мәжбүр болды. Осыдан барып, әйел теңсіздігі мәселесі пайда болды. Көп тобырдың ішінде ұлы сезімнен дараланған ғашықтар коршаған ортасын теріс ықпалымен қосылмай кетті. Оттай жанған талай арман өшті. Әбдірахманның Шұғасы (Б.Майлин «Шұғаның белгісі»), Фанидың Жамалы (М.Дулатұлы «Бақытсыз Жамал»),

Ахметтің «Қамары», (С.Торайғырұлы «Қамар сұлу») көптің бірі ғана. Аталған романдардың негізгі тақырыбы - әйел теңсіздігі. Сол шығармаларды қарап отырсаңыз, екі тенденцияны, авторлық екі концепцияны ангаруға болады. Оның бірінде өзара ұғыныскан, түсінікен қыз бер жігіт берін – бірі сүйе тұра құресуге дәрменсіз болып бейнеленеді. Ондай шығармалардың соңында екі боздак «мықтылардың дүміне, қорлығына шыдамай мерт болады. Әмір ағымына қарасақ, XX ғасыр басындағы әлеумет тіршілігіндегі көптеп кездескен бұл да бір типтік жағдай. Бірі – бірін сүйікен қыз бер жігіттің опат болуында да олардың қоғамға қарсылығы, наразылығы жатыр». Десек те, ұнамсыз кейіпкерлердің жастарды жаналқышға алғанда қыздарымыз ғана махаббатқа риясіз таза қоңылін дәлелдеп шытты. Жолына жанын құрбан дайтін Фали мен Ахмет сүйген қыздары Жамал мен Қамар торға түскенде қалаға кетеді. Онда да амал іздестіру үшін емес, мақсатсыз – мәнсіз бас сауғалап жүргені жігіттер бойындағы тиянақсыздық болып көрінеді. Ұлы сезім үшін өзін сүйген, сенген жан үшін өмірде құреспеу, енжарлық таныту отбасылы жандардың да басынан өткен.

Б.Майлиниң «Құлпәш» әңгімесінде Құлпәш бейнесін алайық. Ол отбасының болашағын сақтау үшін жалғыз ұлы мен жарының амандығы жолында өз өмірін басқа арнаға бұруға мәжбүр болды. Қалай Құлпәш, кедейшіліктен титықтаған отбасы мүшелерін аштықтың құрсауынан сақтап қалуға тырысып, ауылдағы Жұмағазы байға күйеуге шығып алды. Қым – қиғаш қарама – қайшылық болса да Құлпәш жүргегінің ізгілігі байқалады.

Күйеуі мен перзенті үшін отқа да түсті, суға да түсті. Осындағы қын – қыстауда ер – азамат, отбасының негізгі тұлғасы тағы тасада қалады. Енжарлық көрсетті. Баласын құшақтап, пеш түбінде аштан өлген Мақтыймын аяйсың да. Әттең қанаттымен су сепкен қарлығаштай шыр – пыр болған ана еңбегі еш кетті. Келешек үшін келелі іс тындырып, байыз таппаған Құлпәш – қайратты екен, төзімді екен. Оның бар мұраты отбасын аман сақтап қалу еді.

XX ғасырдың басында алғашқы зияллылар қалыптаса бастады. Қоғамдағы ағартушылық бастады. Қоғамдағы ағартушылық бағытқа қазақ әйелдері де ден қойды. Жаппай сауат ашу, ұжымдастыру ісіне араласты. Төңкерістің шарпуы қазақ әйелдеріне тосын жаңалықтары ерлермен бірдей тендік алуы. Ерлермен бірдей қоғамдық істерге араласуы еді. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», Б. Майлиниң «Раушан - коммунист», С. Мұқановтың «Ботагөз», Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» роман – повестері арқылы оку – білімге құштар жаңа өмірге ынтық – Ақбілек, Раушан, Ботагөз, Ақбала сынды кейіпкерлердің бейнесін көреміз. Олар есқі мен жаңаны байланыстырып, сол дәүірдегі қазақтың көптеген қызы – келіншектеріне үлгі - өнеге боларлықтай әрекет етті. Сондай –ақ көптің ішінен Шолпай Иманбаева, Алма Оразбаева, Сара Есова, Нәзира Құлжанова, Ләзиза Сергазина, Фатима Дәменова сықылды көрнекті қайраткерлер шықты.

XX ғасыр басындағы қазақ халқының әлеуметтік және рухани дамуына қазақ әйелдері мен қызы – келіншектері зор үлес қости. Бұл орайда Мұхтар Әуезовтің төмөндегідей пайымы жан – сарайымызды сәулелендіріп береді: «Әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесен, тағылымынды, бесігінді түзе: Оны түзейін десен, әйелдің халін түзе» - деп орынды айтқан.

### Әдебиет

- 1 Алтын сандық: Көбеев С. Қалың мал.- Алматы: Жалын, 1986.
- 2 Торайғыров С. Қамар сұлу.-Алматы: Жалын, 1986.
- 3 Жомартбаев Т. Қыз көрелік.- Алматы: Жалын, 1986.
- 4 Әуезов М. Шығармалар. 15 том.-Алматы, 1984.-9 б.
- 5 Фабитов Т., Мұтәліпов, Құлсариева. Мәдениеттану.-Алматы, 2002.

### Резюме

В статье раскрывается роль и положение женщин в начале 20 века, также их борьба за улучшение своего социального положения.

### Summary

This article covers the role and position of women of the beginning of the 20 century, also a struggle in droller to improve heir owe social position.